

Мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің кейбір мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 4 қыркүйектегі N 901 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 мамырдағы № 563 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.05.2014 № 563 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Күзет қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 19 қазандағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

1) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.10.07 № 1151 (2012.01.21 бастап күшіне енеді) Қаулысымен;

2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілерінің тізбесі бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.10.07 № 1151 (2012.01.21 бастап күшіне енеді) Қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі өзге де мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп үш ай мерзімде Стратегиялық объектілердің тізбесін әзірлесін және оны белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізсін.

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігімен келісім бойынша 2005 жылғы қаңтардан бастап республикалық бюджет қаражаты есебінен ішкі істер органдарының мамандандырылған күзет бөлімшелері мемлекеттік мекемелерін қаржыландыруға көшіруді ескере отырып, осы қаулының 1-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген объектілерді мемлекеттік күзетуді 2005-2006 жылдары кезең-кезеңімен енгізу жоспары бекітілсін.

4. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Құрылыс істері жөніндегі комитеті Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігімен бірлесіп төрт ай мерзімде Қазақстан Республикасының стратегиялық, аса

маңызды мемлекеттік объектілерін және тіршілікті қамтамасыз ету объектілерін қауіпсіздік жүйелерімен жарақтау мен инженерлік-техникалық нығайту жөніндегі техникалық талаптарды белгілейтін мемлекеттік нормативтерді әзірлесін және қолданысқа енгізсін.

5. Бекітілген техникалық талаптарға сәйкес мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілерді инженерлік-техникалық нығайтудың әрі қауіпсіздік жүйелерімен жарақтаудың мынадай мерзімдері белгіленсін:

1) меншік нысанына қарамастан шаруашылық жүргізуші субъектілер үшін, өз қаражаты есебінен 2005 жылдың аяғына дейін;

2) мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын заңды тұлғалар үшін, кезең-кезеңімен, 2006 жылдың аяғына дейін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2003 жылғы 4 қыркүйектегі

№ 901 қаулысымен

бекітілген

Қызмет бабында пайдалану үшін

Мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілерді белгілеу

Ережесі

Ескерту. Ереженің күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.10.07 № 1151 (2012.01.21 бастап күшіне енеді) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2003 жылғы 4 қыркүйектегі

№ 901 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасының мемлекеттік күзетілуі

тиіс объектілерінің тізбесі

Қызмет бабында пайдалану үшін

РҚАО-ның ескертпесі. "ҚПУ" белгісі бар құжаттар "Заң" ДБ-на енгізілмейді.

Ескерту. Қазақстан Республикасының мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілерінің тізбесіне "Қызмет бабында пайдалану үшін" деген шектеу белгісі

берілді - ҚР Үкіметінің 2004.09.28 N 989 қбпү, өзгерту енгізілді - 2004.10.14 N 1051, өзгерту енгізілді - 2005.04.13 N 346, 2006.02.02 N 64, 2006.03.31 N 225, 2008.02.28 N 205, 2008.04.24 N 387, 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 2158 (2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.12.31 № 2320, 2011.09.23 N 1090, 2011.10.07 № 1574 (2012.01.21 бастап күшіне енеді) Қаулыларымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК